

Президенттік жаңа жыл шыршасын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 5 желтоқсан N 1711а

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Атырау облысы Әкімінің, Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің көп балалы отбасы балаларына, балалар үйінде, интернат мекемелерінде тәрбиеленушілерге және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Президенттік жаңа жыл шыршасын 1997 жылдың 29 желтоқсанында Атырау қаласында өткізу жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Президенттік жаңа жыл шыршасын әзірлеу және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Атырау облысының Әкімі, Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Көлік және коммуникация министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, "Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамы тапсырманы 2 қосымшада көрсетілген мерзімге сәйкес орындауды қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың, Алматы қаласының және астананың әкімдері, Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Президенттік жаңа жыл шыршасына 9-13 жастағы оқу озаттарын, белсенді және дарынды балаларды 3 қосымшаға сәйкес жіберуді қамтамасыз етсін.

Балаларды алып келушілердің іс сапарына, балалардың бару-қайту жолақылары мен жолда тамақтануына арналған шығыстарды тиесілі жергілікті бюджет есебінен төлеу ұ с ы н ы л с ы н .

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігіне Президенттік жаңа жыл шыршасын өткізуге 08 "Мәдениет саласындағы іс-әрекет пен демалысты ұйымдастыру" функционалды тобы бойынша

шығыстарды нақтылау есебінен 14 млн.теңге бөлсін.

6. Президенттік жаңа жыл шыршасын өткізуге қатысатын министрліктер мен ведомстволардың қызметін үйлестіру Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Хаттама - ұйымдастыру бөліміне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 5 желтоқсандағы
N 1711а қаулысына
1 қосымша

Президенттік жаңа жыл шыршасын әзірлеу және оны өткізу
жөніндегі ұйымдастыру комитетінің
құрамы

Көшербаев Қ.Е. - Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет
және денсаулық сақтау министрі, төраға

Шердабаев Р.Т. - Атырау облысының әкімі, төрағаның орынбасары

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

Абулхатаев М.К. - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің
орынбасары

Алигужинов С.К. - Қазақстан Республикасының Көлік-коммуникация
Вице-министрінің қызметін атқарушы

Бектұрғанов Н.С. - Қазақстан Республикасының Ақпараттық және
қоғамдық келісім министрлігінің ішкі саясат
Департаментінің директоры

Бектұров Р.С. - "Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамының
президенті

Девятко В.Н. - Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және
денсаулық сақтау министрлігі Денсаулық
сақтау комитетінің төрағасы

Дорожкина Л.А. - Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және
денсаулық сақтау министрлігі Білім
комитетінің тәрбие жұмысы бөлімінің бастығы

Қасеинов Д.Қ. - Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және

денсаулық сақтау министрлігі Мәдениет
комитетінің төрағасы

Мұқашев Ж.Ж. - Қазақстан Республикасының Қаржы Вице-министрі

Мұртазаев М.А. - Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия
және сауда Вице-министрі

Мыңбаев Д.Х. - "Қазақстан теледидары мен радиосы"
Республикалық корпорациясының вице-президенті

Нұршаев Е.Н. - Атырау облысы әкімінің орынбасары

Әмірбекова Ж.Б. - Атырау облыстық білім басқармасының
бастығы

Сарыбаев Қ.Ш. - Қазақстан Республикасы Президенті
Әкімшілігінің хаттама қызметі жетекшісінің
қызметін атқарушы (келісім бойынша)

Тәңірбергенова Г.Т.- Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және
денсаулық сақтау министрлігі Білім комитеті
төрағасының орынбасары - орта білімді дамыту
басқармасының бастығы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 5 желтоқсандағы
N 1711а қаулысына
2 қосымша

1997 ЖЫЛЫ АТЫРАУ ҚАЛАСЫНДА ӨТЕТІН ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАҢА
ЖЫЛ ШЫРШАСЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ
ТАПСЫРМАЛАР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ

МИНИСТРЛІГІНЕ:

1. Президент шыршасын әзірлеу және оны өткізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыру.

желтоқсан

2. Облыстардан келетін шыршаға қатысушы балаларды және оларды алып келушілерді іріктеуді ұйымдастыру.

10 желтоқсанға дейін

3. Шыршаға қатысушы балаларды кешенді профилактикалық дәрігерлік байқаудан өткізуді қамтамасыз ету.

25-26 желтоқсан

4. Балалар тұратын жерлерде дәрігерлердің тәуліктік кезекшілігін, қала ішінде көлікпен жүргенде ілесіп жүруді және іс-шаралар өтетін жерлерде кезекшілікті ұйымдастыру.

25-31 желтоқсан

5. Шыршаны әзірлеуге және оны өткізуге Атырау облысының мәдениет қызметкерлері мен шығармашылық ұжымдарының қатысуын қамтамасыз ету.

желтоқсан

ОБЛЫС, АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ЖӘНЕ АСТАНА ӘКІМДЕРІНЕ:

1. Шыршаға қатысатын балалардың және оларды алып келушілердің екі жақты жолы мен жолда тамақтануына қажетті қаражатын төлеуді, оларды шығарып салу мен күтіп алуды қамтамасыз ету.

23-31 желтоқсан

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КӨЛІК ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ
МИНИСТРЛІГІНЕ, "ЭЙР ҚАЗАҚСТАН" ЖАБЫҚ АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНА:**

1. Шыршаға қатысатын балалардың және оларды алып келушілердің екі жақ жолы үшін темір жол және авиабилеттерін алуына ықпал ету.

15 желтоқсанға дейін

2. Балалардың Атырау қаласына мезгілінде келуі мен кері қайтуы үшін қажет болған жағдайда темір жол және авиация көліктерінің қозғалысын үйлестіру.

22-31 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНЕ:

1. Темір жол көлігімен жүретін балаларды Атырау қаласына дейінгі және кері қайту жолы бойында милиция қызметкерлерінің ілесіп жүруін ұйымдастыру.

22-31 желтоқсан

2. Балалар тұратын және іс-шаралар өтетін жерлерде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету.

25-31 желтоқсан

3. Бағдарламаға сәйкес Атырау қаласы ішінде көлікпен жүргенде балаларға ілесіп алып жүруді қамтамасыз ету.

25-31 желтоқсан

4. Балалар тұратын және іс-шаралар өтетін жерлерде өрт қауіпсіздігін сақтауды қамтамасыз ету.

25-31 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКА, ИНДУСТРИЯ
ЖӘНЕ САУДА МИНИСТРЛІГІНЕ:

1. Шыршаны әзірлеу және өткізуге қажетті материалдарды, сыйлықтар мен сувенирлерді сатып алуға ықпал ету.

15 желтоқсанға дейін

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНЕ:

1. Жаңа жылдық Президент шыршасына әзірлік пен оны өткізу барысын көпшілік ақпарат құралдарында кеңінен насихаттау.

желтоқсан

"ҚАЗАҚСТАН РАДИОСЫ МЕН ТЕЛЕДИДАРЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
КОРПОРАЦИЯСЫНА:

1. Жаңа жылдық Президент шыршасының өту барысын теледидарға түсіруді ұйымдастыру және оны радио, теледидар арқылы тарату.

25-31 желтоқсан

АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІНЕ:

1. Шыршаға қатысушыларды қарсы алуды, орналастыруды, тамақтандыруды, кері қайтаруды ұйымдастыру.

25-31 желтоқсан

2. Шырша өтетін жерді, шыршаны орнатуды және безендіруді қамтамасыз ету.

25 желтоқсанға дейін

3. Мерекеге сәйкес қала көшелерін және ғимараттарды безендіру.

20 желтоқсанға дейін

4. Жаңа жылдық Президент шыршасының сценарийін, күнтізбелік жоспарын және балалардың Атырау қаласында болу бағдарламасын әзірлеу.

10 желтоқсан

5. Шақыру билетін, бағдарлама, рұқсатнама, бәйдж және басқа баспа материалдарын даярлау.

15 желтоқсан

6. Сценарийге сәйкес әртістердің киімдерін даярлау.

15 желтоқсан

7. Мереке өтетін жерді көркемдеу, дыбыстық, жарықтық және музыкалық жағынан безендірілуін қамтамасыз ету.

25 желтоқсанға дейін

8. Үлкен торт дайындату, шыршаға қатысушыларға арналған "Тәтті дастархан" ұйымдастыру.

29 желтоқсан

9. Шыршаға қатысушы балаларға арналған сыйлықтарды сатып алу және құрастыру.

20 желтоқсанға дейін

10. Балалардың Атырауда болатын мезгіліне сәйкес мәдени-спорттық шаралар бағдарламасын даярлау және өткізу.

25-31 желтоқсан

11. Балаларды Атырау қаласы ішінде көлікпен тасымалдауды қамтамасыз ету.

25-31 желтоқсан

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ АҚПАРАТ ҚЫЗМЕТІНЕ:
(КЕЛІСІМ БОЙЫНША)**

1. Жаңа жылдық Президент шыршасын әзірлеу және өткізу барысы туралы материал даярлайтын журналистер тізімін жасау.

10 желтоқсанға дейін

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

1997 жылғы 5 желтоқсандағы
N 1711а қаулысына
3 қосымша

Президенттік жаңа жыл шыршасына қатысушылардың
сандық құрамы

Барлық қатысушылар - 165
оның ішінде:
алып келушілер - 15
балалар - 150

Облыстар	балалар саны	алып келушілер	барлық қатысатындар
----------	-----------------	-------------------	------------------------

1. Ақмола	10	1	11
2. Ақтөбе	10	1	11
3. Алматы	10	1	11
4. Атырау	10	1	11
5. Шығыс Қазақстан	10	1	11
6. Жамбыл	10	1	11
7. Батыс Қазақстан	10	1	11
8. Қарағанды	10	1	11
9. Қызылорда	10	1	11
10. Қостанай	10	1	11
11. Маңғыстау	10	1	11
12. Павлодар	10	1	11
13. Солтүстік Қазақстан	10	1	11
14. Оңтүстік Қазақстан	10	1	11
15. Алматы қаласы	10	1	11

БАРЛЫҒЫ	150	15	165
---------	-----	----	-----

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК